

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ



Бекітілген



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректор  
Бұйрығымен



2024 жыл

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушыларына оқу  
ақысына жеңілдік беру туралы

Ереже

Басылым	Дайындаған	Келісілді
екінші	Д. Ділдәбек 	Ж. Ишпекбаев 
		Б. Нарбекова 
		Е. Султан 
		А. Искакова 
		К. Аменова 
		Н. Мусабаев 
		М. Жақауов 
		А. Желдыбаева 

Алматы, 2024 жыл

## Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	4
2.	Нормативтік сілтемелер	4
3.	Жауапкершілік пен өкілеттілік	4
4.	Оқу ақысына жеңілдік беру жөніндегі Комиссия Комиссияның қызметі	5-6
5.	Білім алушыларға оқу ақысына жеңілдік беру туралы жалпы ережелер	7
6.	Оқу ақысына берілетін жеңілдіктер түрлері	8
7.	Қорытынды ережелер	11

## **Құжаттың төлқұжаты**

<b>Құжаттың атауы</b>	«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушыларына оқу ақысына жеңілдік беру туралы Ереже
<b>Жалпы сипаттамасы</b>	Ереже білім алушыларға оқу ақысына жеңілдіктер беру тәртібі мен шарттарын анықтайды
<b>Тақырыбы</b>	білім алушыларға оқу ақысына жеңілдік беру
<b>Ресми мәртебесі</b>	жарамды
<b>Бекітілген күні</b>	
<b>Аудит күні</b>	
<b>Аудитке жауапты</b>	Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) қабылданған білім алушылардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында оқу ақысына жеңілдік тағайындауды жүзеге асырудың негізгі құжаты болып табылады.

1.2. Осы Ереже Университеттің бакалавриат/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға оқу ақысына жеңілдіктерін беру тәртібін белгілейді және шарттарын айқындайды.

1.3. Білім алушылардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында оқу ақысына жеңілдіктер тағайындау туралы осы Ереже университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне ұсынылуы тиіс.

1.4. Осы Ереже авторлық құқық объектісі болып табылады және оны Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді.

1.5. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және белгіленген тәртіппен күші жойылғанға дейін қолданылады.

## **2. Нормативтік сілтемелер**

2.1. Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі;
- 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заңы;
- 5) 2020 жылғы 5 шілде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының № 351 бұйрығымен бекітілген «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы.

## **3. Жауапкершілік пен өкілеттілік**

3.1. Осы Ереженің орындалуы мен орындалуына жауапкершілік университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректорына жүктеледі.

3.2. Оқу ақысына берілген жеңілдіктері және өтініштерге қоса берілген анықтамалардың дұрыстығы үшін жауапкершілік Комиссия төрағасына, төрағаның орынбасарына және комиссия мүшелеріне бірлесіп жүктеледі.

#### 4. Оқу ақысына жеңілдік беру жөніндегі комиссия

4.1. Өтініштер мен оларға қоса берілген құжаттарды қарау, оқуға жеңілдіктер беру туралы шешім қабылдау және оқу ақысына жеңілдіктер мөлшерін анықтау, тағайындау үшін Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығы негізінде оқу ақысына жеңілдік беру жөніндегі Комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия).

4.1.2. Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі департамент санаттар бойынша өтініштер мен қажетті құжаттарды жинап, Комиссияның қарауына береді.

4.1.3. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан, хатшыдан және Комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссияның дербес құрамы Университет қызметкерлерінің арасынан Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.1.4. Комиссияның құрамына міндетті түрде Университеттің келесі қызметкерлері кіруі керек: оқу ісі жөніндегі проректор, әлеуметтік даму жөніндегі проректор, әкімшілік-қаржылық жұмыс жөніндегі проректор, комплаенс қызметінің өкілдері, университет қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының Төрағасы.

4.1.5. Комиссия құрамының өзгертілуі Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

4.1.6. Комиссия мүшесі кез-келген уақытта өз бастамасы бойынша Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының атына жазбаша өтініш беру арқылы өз өкілеттіліктерін тоқтатуға құқылы. Мұндай Комиссия мүшесінің өкілеттілігі Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығы шыққан кезден бастап тоқтатылады.

4.1.7. Комиссияның дербес құрамын бекіту (өзгерту) туралы бұйрықтардың уақтылы дайындалуын және оларға қол қойылуын бақылау комиссияның хатшысына жүктеледі.

4.1.8. Комиссия мүшелеріне комиссия отырыстарына қатысқаны үшін қосымша ақы және өзге де сыйақы түрлері төленбейді.

4.1.9. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына қатысуға және күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беруге, қызметкерлердің дербес деректеріне қатысты құпиялылықты сақтауға, қызметкерлерге және өзге де тұлғаларға комиссия отырыстарында қаралатын мәселелер мен қабылданған шешімдер туралы ақпаратты жария етпеуге міндетті.

4.1.10. Комиссия отырысына қатысу мүмкін болмаған жағдайда, бұл туралы комиссия хатшысын алдын ала хабардар етуге міндетті.

4.1.11. Комиссия шешімі Басқарма төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі және берілген/айырылған оқу ақысына жеңілдіктерді ескере отырып, оқу ақысын есептейтін бухгалтерияға жіберіледі.

4.1.12. Комиссия отырысы құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін өткізіледі. Құжаттар әр оқу жылының 10 қыркүйегі мен 10 қазаны аралығында қабылданады. Екінші семестрге оқу ақысына жеңілдік алу үшін

құжаттарды күзгі академиялық кезең аяқталғаннан кейін 1 ақпаннан 28 ақпанға дейін уақыт аралығында тапсыру қажет.

4.1.13. Комиссияның кезекті отырысы күзгі академиялық кезең (семестр) аяқталғаннан кейін наурыз айында өткізіледі.

## 4.2. Комиссияның қызметі

4.2.1. Комиссия мынадай қызметтерді орындайды:

– оқу ақысына жеңілдіктер беру бойынша материалдарды қарастыру;

– Университеттің бакалавриат/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға оқу ақысына жеңілдіктер беру немесе беруден бас тарту мәселелерін қарау;

– Университетте жұмыс жасайтын қызметкерлерге және/немесе олардың балаларына оқу ақысына жеңілдіктер беру мәселелерін қарастыру;

– әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдау.

4.2.2. Өзіне жүктелген қызметті тиісінше орындау үшін комиссияның күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау Университеттің құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды адамдарынан қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

4.2.3. Оқу ақысына жеңілдік беру туралы шешім қабылдау Комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады. Комиссия құрамы мүшелері тақ санынан тұрады.

4.2.4. Комиссияның ұсыныстары мен шешімдері хаттамамен рәсімделеді және жеңілдіктер беру туралы бұйрықты дайындау үшін Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментіне жүктеледі.

4.2.5. Комиссияның күн тәртібін төраға бекітеді.

4.2.6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерін комиссияның мақсаттары мен міндеттерін, олардың құқықтары мен жауапкершілігі туралы хабардар етеді, комиссия жұмысын ұйымдастырады және осы Ереже талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, комиссия өзтарабынан университеттің Ғылыми кеңесінің алдында ұсынады.

4.2.7. Комиссия төрағасының орынбасары Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрығымен тағайындалады және Комиссия төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін атқарады.

4.2.8. Комиссия хатшысы отырыстардың ұйымдастыру жұмыстарының дайындығын жүзеге асырады, отырыстың өткізілетін күні, уақыты, орны және күн тәртібіне енгізілген мәселелер туралы Комиссия мүшелеріне хабарлайды, комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді.

4.2.9. Отырыста комиссия хатшысы болмаған жағдайда, отырыс хаттамасын жүргізу Төрағаның шешімі негізінде комиссия мүшелерінің біріне тапсырылуы мүмкін.

4.2.10. Комиссия өз жұмысында Ректоратпен, Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментімен және Қоғамның өзге де бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

4.2.11. Комиссияның шешімі 2/3 Комиссия мүшелерінің қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

## **5. Білім алушыларға оқу ақысына жеңілдік беру туралы жалпы ережелер**

5.1. Білім алушылардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында оқу ақысына жеңілдіктер түрінде оқу ақысына жеңілдіктер беріледі.

5.2. Оқу ақысына жеңілдіктері білім алушының таңдаған мамандығына/білім бағдарламасына сәйкес Университетпен келісім-шарт жасасқан кезде тағайындалады. Мамандық/білім беру бағдарламасы өзгерген жағдайда бастапқы таңдаған мамандық бойынша ұсынылатын оқу ақысына жеңілдігін қарауды Университет Комиссиясы жүзеге асырады.

5.3. Білім алушыларға оқу ақысына жеңілдіктері Комиссия шешімінің негізінде беріліп, Отырыс хаттамасымен рәсімделіп, Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.4. Ұсынылған өтініш пен қажетті құжаттар негізінде осы Ережеде белгіленген тізбеге сәйкес білім алушыларға оқу ақысына жеңілдіктер тек 1 (бір) оқу жылына беріледі.

5.5. Білім алушыларға екінші семестрге оқу ақысына жеңілдіктер екінші семестрдің басында беріледі. Екінші семестрге оқу ақысына жеңілдік алу үшін білім алушы осы Ережеде белгіленген тізбеге сәйкес қажетті растайтын құжаттарды ұсынуы қажет, оқу ақысына жеңілдіктер білім алушыларға тек екінші семестрдің төлеміне ғана беріледі.

5.6. Бұйрық негізінде екінші семестрден оқуға қабылданған білім алушыларға тек екінші семестрге оқу жеңілдіктері беріледі.

5.7. Білім алушыларға оқу ақысына жеңілдіктер оқудың алдыңғы академиялық кезеңдері үшін қаржылық және академиялық қарызы болмаған жағдайда ғана беріледі.

5.8. Бір адамға оқу ақысына жеңілдіктерінің бірнеше түрі бір мезгілде берілуі мүмкін емес.

5.9. Оқу ақысына жеңілдіктер басқа тұлғаларға берілмейді.

5.10. Оқу ақысына жеңілдіктерін қолма-қол ақшаға айырбастауға болмайды.

5.11. Оқу ақысына жеңілдіктері оқуға байланысты емес шығындарды (кітапқа, тамаққа, көлікке және т.б. шығындарға) өтемейді.

5.12. Оқу ақысына жеңілдіктері білім алушылардың қайта оқу курстарға, академиялық айырмашылықтарға және академиялық қарыздарына жұмсалған шығындарды өтемейді.

5.13.Қашықтықтан оқитын білім алушылар үшін оқу ақысына жеңілдіктері қарастырылмайды.

5.14.Оқу ақысына жеңілдіктері өткен оқу жылына қарастырылмайды.

5.15.Білім алушылар келесі жағдайларда жеңілдіктерден айырылуы мүмкін:

- оқудың академиялық кезеңін төлеуге қаржылай қарызы болғанда;
- ішкі тәртіп ережелерін бұзғанда;
- емтихан сессиясын дәлелсіз себептермен уақытында тапсырмағанда;

– Әдеп кодексін, Университеттің ішкі актілерін және құжаттарын бұзғанда;

– қызметкердің, білім алушының ата-анасының Университеттен жұмыстан шығарылуында;

– білім алушының оқу үлгерімінің төмендеуі (GPA 2,67-ден төмен), 23 жасқа дейінгі жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және оқу кезеңінде ата-анасының екеуінен немесе жалғыз ата-анасынан айырылған білім алушылар санатын қоспағанда. Бұл санаттағы білім алушылар үшін оқу ақысына тағайындалған жеңілдіктен айырылу мүмкіндігі оқу үлгеріміне байланысты емес.

5.16.Оқу ақысына жеңілдіктері білім алушы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке шақырылуына байланысты академиялық демалыста болған кезде сақталады.

5.17.Білім алушының оқу үлгерімі төмендеген жағдайда (GPA 2,67 төмен болса) ақпарат келесі семестрге жеңілдіктен айыру туралы шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі, содан кейін бухгалтерия оқу ақысын қайта есептейді. Білім алушының оқу үлгерімі туралы ақпаратты тіркеуші кеңсесі күзгі семестрдің емтихандық сессиясы аяқталғаннан кейін Комиссияның қарауына береді.

5.18.Білім алушылардың әрбір санаты үшін оқу ақысына жеңілдіктер мөлшері Комиссияның шешімімен белгіленеді.

## 6. Оқу ақысына берілетін жеңілдіктер түрлері

**6.1. 23 жасқа дейінгі жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және оқу кезеңінде ата-анасының екеуінен немесе жалғыз ата-анасынан айырылған білім алушыларға жазғы семестрді қоса алғанда, 1 жылдық оқу құнынан 100% (100% қоса алғанда) дейін жеңілдік қарастырылады.**

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;
- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- ата-аналарының қайтыс болуы туралы куәлік немесе адамды хабарсыз кетті (қайтыс болды) деп тану туралы сот шешімі.

**6.2. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын білім алушыларға 1 жылдық оқу құнынан 50% (50% қоса алғанда) дейін жеңілдік қарастырылады.**

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;
- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- ата-аналарының/ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік;
- асыраушысының қайтыс болуы туралы куәлігі немесе адамды хабарсыз кетті (қайтыс болды) деп тану туралы сот шешімі;
- уәкілетті органның қорғаншылықты/қамқоршылықты және/немесе ата-ана құқығынан айыру туралы шешімінің түпнұсқасы және көшірмесі (бар болса).

**6.3. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға (I, II, III-топтағы мүгедектер, I, II, III-топтағы бала кезінен мүгедектер) 1 жылдық оқу құнынан келесі жеңілдіктер қарастырылған:**

- I топтағы мүгедектер және бала кезінен I топтағы мүгедектер – 30%-ға дейін (қоса алғанда 30%);
- II топтағы мүгедектер және бала кезінен II топтағы мүгедектер – 20%-ға дейін (20%-ды қоса алғанда);
- III топтағы мүгедектер және бала кезінен III топтағы мүгедектер – 10%-ға дейін (10%-ды қоса алғанда).

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;
- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- дәрігерлік-консультациялық комиссияның мүгедектік тағайындалғанын растайтын анықтамасы.

**6.4. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық бюросының ағымдағы күнтізбелік жыл есебі бойынша адам басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен, атаулы әлеуметтік көмек алатын, отбасындағы 18 жасқа дейінгі балалар саны төрт және одан көп бала құрайтын көп балалы отбасылардан шыққан білім алушыларға 1 жылдық оқу құнынан 10%-ға дейінгі жеңілдіктер (10%-ды қоса алғанда) қарастырылады.**

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;
- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- балалардың туу туралы куәліктерінің түпнұсқалары мен көшірмелері;
- атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы анықтама.

**6.5. Жеке біріншілікте Университет намысын халықаралық және республикалық жарыстарда қорғайтын спортшыларға 1 жылдық оқу құнынан құнынан мынадай жеңілдіктер қарастырылады:**

а) халықаралық және әлемдік деңгейдегі жарыстардың (чемпионаттар, универсиадалар, олимпиадалар) жүлдегерлері:

- 1 орын – 100%-ға дейін (100%-ды қоса алғанда);
- 2 орын – 50%-ға дейін (50%-ды қоса алғанда);
- 3 орын – 30%-ға дейін (30%-ды қоса алғанда).

б) спорттық разряды бар республикалық деңгейдегі жарыстардың жүлдегерлері – Қазақстан Республикасының спорт шебері, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері (әртүрлі ресми чемпионаттар, чемпионаттар, Универсиада):

- 1 орын – 50%-ға дейін (50%-ды қоса алғанда);
- 2 орын – 30%-ға дейін (30%-ды қоса алғанда);
- 3 орын – 10%-ға дейін (10%-ды қоса алғанда).

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;
- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- спорттағы сіңірген еңбегі үшін алған диплом мен медальдың түпнұсқасы мен көшірмесі;
- растайтын бұйрықтың көшірмесі (спорт шебері) және жүлделі орын көрсетілген сертификат.

**6.6. Университеттің белсенді білім алушыларына** Университет имиджін ілгерілетуге және нығайтуға қосқан үлесі үшін келесі критерийлер бойынша 1 жылдық оқу құнынан 10%-ға дейінгі жеңілдіктер (10%-ды қоса алғанда) қарастырылады:

- Білім алушы Университет өткізетін түрлі жобалар мен іс-шаралардың белсенді қатысушысы болуы керек;
- Білім алушы студенттік үкіметтердің, клубтардың және ұйымдардың мүшесі болуы керек.

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;
- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- халықаралық/республикалық деңгейдегі түрлі жобалар мен іс-шараларға белсенді қатысқанын растайтын алғыс хаттар, сертификаттар;
- белсенді білім алушының портфолиосы (істелген жұмыстар мен жетістіктер туралы есеп);
- еріктілер қозғалысына қатысуын растайтын үйірме немесе үйірме жетекшісінің мінездемесі;
- Студенттік өзін-өзі басқару кеңесінің төрағасымен келісілген, факультет деканының өтініші/ұсыныс хаты.

**6.7. Екінші жоғары білім беру бағдарламаларына, магистратураға және докторантураға түскен Университет түлектеріне** 1 жылдық оқу құнынан 10%-ға дейінгі жеңілдіктер (10%-ды қоса алғанда) қарастырылады.

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;

- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- дипломның түпнұсқасы және дипломға қосымшаның түпнұсқасы.

**6.8. Университеттің қызметкерлері болып табылатын білім алушыларға және ата-анасы Университеттің қызметкері болып табылатын білім алушыларға 1 жылдық оқу құнынан мынадай жеңілдіктер қарастырылады:**

- 1 (бір) жылдан 3 (үш) жылға дейінгі еңбек өтілі бар Университеттің қызметкерлері үшін – 10%-ға дейін (10%-ды қоса алғанда);
- 3 (үш) жыл және одан да көп жұмыс өтілі бар Университеттің қызметкерлері үшін – 20%-ға дейін (20%-ды қоса алғанда).

*Қажетті құжаттар тізімі:*

- оқу ақысына жеңілдік беру туралы өтініш;
- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- Кадр саясаты бөлімі ұсынған Университеттегі жұмыс өтілі расталған жұмыс орнынан анықтама;
- Университеттің қызметкері болып табылатын ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі (ата-анасы Университеттің қызметкері болып табылатын білім алушылар үшін);
- Білім алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі (ата-анасы Университеттің қызметкері болып табылатын білім алушылар үшін);
- Университетте оқу ақысына жеңілдік алуға үміткер қызметкерлер үшін тікелей жетекшінің ұсыныс хаты.

Егер қызметкер оқу кезінде жұмыстан босатылса, ақпарат келесі семестрге жеңілдіктен айыру туралы шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі, содан кейін бухгалтерия оқу шығындарын қайта есептейді.

## **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Оқу ақысына жеңілдік алу үшін қабылданған құжаттар және Университет Комиссиясының жұмыс нәтижелері Университет мұрағатында оқудың барлық кезеңіне сақтауға жатады.

7.2. Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы, оның ведомстволық бағынысты қызметкерлері мен университеттің мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізілуін қамтамасыз ететін Комиссия Төрағасына жүктеледі.

7.3. Ерекше жағдайларды Комиссия қарау үшін Университет Кеңесінің отырысына жібереді.

7.4. Осы Ереже және оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Университеттің Басқармасының шешімімен және Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген кезден бастап күшіне енеді.

7.5. Оқу ақысына жеңілдіктер Университет бюджетінің өсуіне (азаюына) байланысты беріледі.